



Қазақстан Республикасы Президентінің "Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын қалыптастыру жөніндегі бюджеттік комиссия туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 4 сәуір N 441

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын қалыптастыру жөніндегі бюджеттік комиссия туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы

Тиісті қаржы жылына арналған республикалық
бюджеттің жобасын қалыптастыру жөніндегі
бюджеттік комиссия туралы

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңының Z990357_ 14-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын қалыптастыру жөніндегі бюджеттік комиссия құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын қалыптастыру жөніндегі бюджеттік комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің "2001 жылға арналған республикалық

бюджеттің жобасын түзу жөніндегі бюджеттік комиссия құру туралы" 2000 жылғы 10 наурыздағы N 355 U000355_ Жарлығы, аталған Жарлықтың 4-тармағын қоспағанда;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы

Президентінің 2000 жылғы 10 наурыздағы N 355 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" 2000 жылғы 24 тамыздағы N 438

U000438_

Жарлығы.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2001 жылғы " ____ " _____
N ____ Жарлығына
қосымша

Тиісті қаржы жылына арналған республикалық
бюджеттің жобасын қалыптастыру жөніндегі
бюджеттік комиссияның құрамы

Жандосов - Қазақстан Республикасы
Ораз Әлиұлы Премьер-Министрінің орынбасары,
төраға

Есенбаев - Қазақстан Республикасының
Мәжит Төлеубекұлы Қаржы министрі, орынбасар

Өтембаев - Қазақстан Республикасының
Ержан Әбілхайырұлы Президенті Әкімшілігі Басшысының
орынбасары, орынбасар

Коржова - Қазақстан Республикасының
Наталья Артемовна Қаржы вице-министрі, хатшы

Комиссияның мүшелері:

Аманбаев - Қазақстан Республикасының
Мұрат Ермұханұлы Премьер-Министрі Кеңесі
Басшысының орынбасары

Ахметов - Қазақстан Республикасы
Даниял Кенжетайұлы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары

Бурлаков - Қазақстан Республикасының
Леонид Николаевич Парламенті Сенаты Аймақтық даму
және жергілікті өзін-өзі басқару
мәселелері жөніндегі комитетінің
төрағасы (келісім бойынша)

Жәмішев - Қазақстан Республикасының
Болат Бидахметұлы Қаржы бірінші вице-министрі

Ертілесова - Қазақстан Республикасының
Жаннат Жұрғалиқызы Президенті Әкімшілігі Басшысының
орынбасары

Кәкімжанов - Қазақстан Республикасының
Зейнолла Халидоллаұлы Мемлекеттік кіріс министрі

Қарақұсова - Қазақстан Республикасының
Гүлжан Жанпейісқызы Парламенті Сенаты Экономика,
қаржы және бюджет жөніндегі
комитетінің төрайымы (келісім бойынша)

Келімбетов - Қазақстан Республикасы
Қайрат Нематұлы Стратегиялық жоспарлау жөніндегі
агенттігінің төрағасы

Құлекеев - Қазақстан Республикасының
Жақсыбек Экономика және сауда министрі
Әбдірахметұлы

Марченко - Қазақстан Республикасы

Григорий Ұлттық Банкінің төрағасы
Александрович

Рогов - Қазақстан Республикасының
Игорь Иванович Әділет министрі

Тасмағамбетов - Қазақстан Республикасы
Иманғали Нұрғалиұлы Премьер-Министрінің орынбасары

Тұрысов - Қазақстан Республикасының
Қаратай Тұрысұлы Парламенті Мәжілісі Қаржы және
 бюджет жөніндегі комитетінің
 төрағасы (келісім бойынша)

Чиркалин - Қазақстан Республикасының
Иван Федорович Парламенті Мәжілісі Экономикалық
 реформа және аймақтық даму
 жөніндегі комитетінің төрағасы
 (келісім бойынша)

Школьник - Қазақстан Республикасы
Владимир Сергеевич Премьер-Министрінің орынбасары -
 Энергетика және минералдық
 ресурстар министрі

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2001 жылғы " ____ " _____
N ____ Жарлығымен
Бекітілген

Тиісті қаржы жылына арналған
республикалық бюджеттің жобасын қалыптастыру
жөніндегі бюджеттік комиссия туралы
ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті

қалыптастыру жөніндегі бюджеттік комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) қызметін реттейді.

2. Комиссия қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ осы Ереже құрайды.

2. Комиссияның міндеттері

3. Комиссияның негізгі міндеттері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу және үш жылдық кезеңге арналған мемлекеттік бюджет жобасының негізгі болжамды көрсеткіштерін анықтау болып табылады.

3. Комиссияның функциялары

4. Комиссия оған жүктелген міндеттерге сәйкес заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Комиссияның жұмыс органы дайындаған:

Қазақстан Республикасының алдағы үш жылдық кезеңге арналған мемлекеттік бюджетінің болжамды көрсеткіштерін;

алдағы үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджеттің қаражатын жұмсаудың басым бағыттарының тізбесін;

алдағы қаржы жылында секвестрлеуге жатпайтын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесін қарайды және анықтайды;

2) Комиссияның жұмыс органының Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне оны енгізуі үшін шикізат секторы ұйымдарының тізбесін анықтайды;

3) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген мемлекеттік бюджеттің болжамды көрсеткіштерін ескере отырып, алдағы үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджеттің мынадай болжамды көрсеткіштерін:

республикалық бюджетке түсетін түсімдерді, оның ішінде облыстық бюджеттер мен Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен республикалық бюджетке а л у л а р д ы ;

республикалық бюджеттің тапшылығын (профицитін);

тиісті қаржы жылының аяғындағы үкіметтік борыш лимитін;

мемлекеттік кепілдіктер беру лимитін;

республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге берілетін субвенцияларды;

республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бөлінісінде республикалық бюджет шығыстарының және оны несиелендірудің бөлінетін лимитін қарайды және анықтайды ;

4) келісуге енгізілген үш жылдық кезеңге арналған жергілікті бюджеттердің болжамдық көрсеткіштері бойынша Комиссияның жұмыс органы мен облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері арасындағы келіспеушіліктерді реттеу жөнінде шешім шығарды ;

5) республикалық бюджеттің жобасына енгізу үшін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ұсынған үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік бағдарламалар бойынша негіздемелерімен белгіленген нысанда дайындалған шешім шығарды ;

6) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі енгізген, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес мақұлдаған, мақсаттарын Қазақстан Республикасының Президенті анықтайтын Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан алынатын мақсатты трансферттерді және осы трансферттердің есебінен қаржыландырылатын республикалық бюджеттік бағдарламаларды алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасына енгізу жөніндегі ұсыныстарды қарайды ;

7) алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет жобасының болжамды көрсеткіштерін :

республикалық бюджетке түсетін түсімдердің көлемдерін;
республикалық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) әкімшілері бойынша республикалық бюджет шығыстарының және оны несиелендірудің көлемдерін ;

республикалық бюджет тапшылығының (профицитінің) мөлшерін;
тиісті қаржы жылының аяғындағы үкіметтік борыш лимитін;
мемлекеттік кепілдіктер беру лимитін;
облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының тиісті қаржы жылының аяғындағы борыш лимитін анықтайды және Комиссияның жұмыс органы республикалық бюджеттің жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізу үшін ұсыныстар әзірлейді;

8) Комиссияның жұмыс органы енгізетін өзге де мәселелерді қарайды.

4. Комиссияның құқықтары

5. Комиссия өзінің міндеттеріне сәйкес:

1) орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға, сондай-ақ Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін мамандар мен сарапшыларды жұмысқа тартуға ;

2) оның құзыретіне енетін мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға және ұсыныстар енгізуге;

3) заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік және басқа да

ұйымдардан Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды сұратуға және оларды алуға;

4) Комиссияның міндеттерін іске асыруға байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бірінші басшыларын, ал олар болмаған кезде - бірінші басшының міндетін атқарушы тұлғаларды Комиссияның отырыстарына шақыруға және тыңдауға құқығы бар.

5. Комиссияны қалыптастыру және оның қызметінің тәртібі

6. Комиссияның құрамын Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады.

Комиссияның құрамына:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері;

Парламенттің депутаттары (келісім бойынша);

мемлекеттік органдардың бірінші басшылары және (немесе) олардың орынбасарлары;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бірінші басшысы және (немесе) оның орынбасарлары енеді.

Қажет болған жағдайда Комиссияның құрамына басқа да тұлғалар енгізілуі мүмкін.

7. Комиссияның органдары:

1) жұмыс органы;

2) Комиссияның төрағасы;

3) Комиссия төрағасының орынбасарлары;

4) хатшы.

8. Комиссияның отырыстары арасындағы кезеңде оның ұйымдастырушылық мәселелерін Комиссияның жұмыс органы шешеді.

9. Комиссияның төрағасы оның қызметін басқарады, Комиссияның отырыстарына төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады және Комиссия жүзеге асыратын қызмет үшін жауап береді. Комиссияның төрағасы болмаған кезде оның функцияларын төраға тағайындаған орынбасары орындайды.

10. Комиссияның хатшысы комиссия отырысының күн тәртібі жөнінде ұсыныстар,

қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды және ол өткізілгеннен кейін хаттамаларды ресімдейді.

11. Жұмыстың жоспар-кестесін Комиссия анықтайды. Қажет болған жағдайда Комиссияның кезектен тыс отырыстары өткізіледі.

12. Комиссия мүшелерінің отырыстарға қатысу жөніндегі өздерінің өкілеттіктерін басқа тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

13. Комиссияның шешімдері ашық дауыспен, сондай-ақ комиссия мүшелеріне сауал қою жолымен қабылданады және егер олар үшін Комиссия мүшелері жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, қабылданған болып саналады. Комиссия мүшелері шешімдер қабылдау кезінде тең дауысқа ие. Дауыстар тең болған жағдайда, Комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданған болып саналады.

14. Комиссия отырыстарының күн тәртібі мәселелерін қараудың нәтижелері әрбір мәселе бойынша дауыс берудің қорытындысын көрсете отырып, тиісті хаттамаларға енгізіледі және қажет болған жағдайда оларға отырысқа қатысқан Комиссияның мүшелері бұрыштама қояды. Комиссияның қабылдаған

шешімі Комиссияның төрағасы мен хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Комиссияның мүшелері қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, отырыстың хаттамасына қоса берілетін өзінің ерекше пікірін жазбаша түрде білдіруге құқығы бар.

15. Комиссияның шешімдері барлық мемлекеттік органдардың міндетті түрде қарауына және көрсетілген мерзімде орындауына жатады.

16. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

6. Комиссияның қызметін тоқтату

17. Комиссияның қызметін тоқтатуға:

- 1) Комиссияға жүктелген міндеттердің орындалуы;
- 2) Комиссияның міндетін орындалмайтын не мәнсіз өтетін өзге де жағдайлар негіз болады.

18. Осы Ереженің 17-тармағында көрсетілген, Комиссияның қызметін тоқтатуға әкеп соқтыратын жағдайлар туындаған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне жасалған жұмыс туралы есеп-хат жіберіледі.

Комиссияның есеп-хаты:

- 1) Комиссия дайындаған қорытынды құжатты;
- 2) Комиссия өзінің қызметін тоқтатуды қажет деп санайтын негіздерді қамтиды.

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК